

**«Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ әуежайлар  
саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерге бекітілген тарифтік  
сметалардың орындалуы туралы 2023 жылдың 1 жартысы  
қорытындылары бойынша есеп жүргізу жөнінде тұтынушылар мен өзге де  
мүдделі тұлғалар алдындағы  
БАЯНДАМАСЫ**

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 25-бабының 6-тармағына сәйкес табиғи монополия субъектісі ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 тамызынан және келесі күнтізбелік жылдың 1 мамырынан кешіктірмей жартыжылдық және жылдың қорытындылары бойынша бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы және табиғи монополиялар субъектілерінің тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есеп береді.

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 30 сәуірдегі № 256 бұйрығымен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 223-тармағына сәйкес, алдағы есепті өткізу туралы хабарландыру жарияланғаннан кейін табиғи монополия субъектісі есеп өткізгенге дейін 5 (бес) жұмыс күні бұрын өзінің интернет-ресурсында орналастырады, ал ол болмаған жағдайда уәкілетті органға оның интернет-ресурсында орналастыру үшін осы қағидалардың 237-тармағында көзделген ақпаратты ұсынады.

Осыған байланысты, Қағиданың 237-тармағына сәйкес «Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) келесі ақпаратты дайындады:

**1.** Субъектінің 2023 жылғы 1 жартыжылдықта инвестициялық бағдарламаны орындау барысы туралы ақпарат осы баяндамаға 1-қосымшаға сәйкес қоса беріледі.

**2.** Бекітілген тарифтік сметалардың баптары бойынша орындалуы осы баяндамаға 2 және 3-қосымшаларға сәйкес қоса беріледі.

ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау агенттігі департаментінің 2003 жылғы 14 наурыздағы № 35-НҚ бұйрығымен Қоғамға әуе кемесінің авиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қызметке ӘК БҰС 1 тоннасы үшін 360,25 теңге мөлшерінде тариф бекітілді және ҚР ИИДМ Азаматтық авиация комитетінің 2021 жылғы 31 желтоқсандағы № 104 бұйрығымен ӘК ұшу-қонуын қамтамасыз ету бойынша ӘК БҰС 1 тоннасы үшін 1 441,5 теңге мөлшерінде тариф бекітілді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 8 маусымдағы № 231 бұйрығымен, Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің (тауарларының, жұмыстарының) тізбесіне өзгерістер енгізілді. Нәтижесінде халықаралық бағыттар бойынша қызметтер: әуе кемесінің ұшу және қонуын қамтамасыз ету, авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, нормадан тыс тұрақ ұсыну, негізгі әуеайлақта әуе кемесіне тұрақ орнын беру қайта реттелді және Тізбеден алып тасталды.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Азаматтық авиация комитетінің 2018 жылғы 29 қарашадағы № 630 бұйрығымен Қоғамның, түзетулерді ескере отырып, әуежайлар саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифтік сметалары бекітілді.

«Бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру туралы» (бұдан әрі – Бухгалтерлік есеп туралы заң) Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 2-тармағына сәйкес, пайда мен залал туралы есепте қызмет нәтижелерінің өлшемдерімен тікелей байланысты элементтер кірістер мен шығындар болып табылатынын айта кету керек.

Бухгалтерлік есепке алу туралы Заңының 18-бабының 1-тармағында есептік кезең үшін жылдық қаржылық есептілік күнтізбелік бір жыл, 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанға дейінгі аралық болып табылады деп көзделген.

Бухгалтерлік есеп туралы Заңның 19-бабының 3-тармағына сәйкес, осы баптың 3-1-тармағының талаптары қолданылатын ұйымдарды қоспағанда, ұйымдар жылдық қаржылық есептерді есептік жылдан кейінгі жылдың 30 сәуірінен кешіктірмей ұсынады.

### **3 және 4 тармақтар бойынша.**

Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштері және табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу тарифтерді қалыптастырудың ынталандырушы әдісін қолдана отырып, тарифтерді бекіту кезінде көзделген.

Сонымен бірге, Қоғамға «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңына (1998 жылғы 9 шілдедегі N 272 Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 27 желтоқсандағы N 204-VI заңымен күші жойылды) сәйкес кірістер мен шығындар баптары, реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемі туралы көрсеткіштер негізінде реттеліп көрсетілетін қызметтердің тарифтері бекітілді.

Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігінің көрсеткіштері және табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу Қоғамда белгіленбеген.

**5.** 2023 жылдың 1 жартысы Қоғамның қызметінің негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштері.

Атауы	2022 жылдың 1 жартысы (бағалау) мың. теңге	2023 жылдың 1 жартысы (бағалау) мың. теңге
Қызмет көрсетуден және өнімді сатудан түскен кірістер, оның ішінде	35 439 273	26 263 771
Көрсетілген қызметтер мен сатылған өнімнің өзіндік құны	30 729 124	28 374 440
Жалпы пайда	4 710 149	2 110 669
Жалпы және әкімшілік шығындар	1 523 850	1 321 611
Басқа шығындар	734 930	183 793
Басқа кірістер	901 749	967 738
Операциялық табыс	3 186 299	- 3 432 280
Қаржыландыруға арналған шығындар (кредитке%)	1 822 086	1 990 159
Қаржыландыруға арналған кірістер(кредитке%)	75 193	176 467
Салық салынғанға дейінгі пайда (залал)	1 606 225	- 4 462 027
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығындар	-	-
<b>ЖИЫНТЫҚ ПАЙДА (ШЫҒЫН)</b>	<b>1 606 225</b>	<b>- 4 462 027</b>

\*жедел деректер

6. 2023 жылдың 1 жартысында ұсынылған реттеліп көрсетілетін қызмет көлемі.

Қызметтің атауы	Өлшем бірлігі	Көлемі
ІӘЖ ӘК ұшу -қонуын қамтамасыз ету	БҰС тоннасы	675 023
ІӘЖ авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету	БҰС тоннасы	675 023

7. Қоғам реттелетін қызметтердің тұтынушыларымен тұрақты негізде жұмыс жүргізіп келеді, атап айтқанда: үлгілік шарттарға сәйкес әуежайдың ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтерінің әрбір түріне тұтынушылармен жеке шарттар жасалды, тұтынушыларға реттеліп көрсетілетін қызметке қол жеткізуді және тең қол жеткізу шарттарын ұсынады, ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметке жатпайтын қосымша талаптар белгілемейді, тұтынушыларды тариф, оның өзгеруі туралы хабардар етеді, тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында есеп береді.

8. Қазіргі уақытта Қоғам перспективалық даму бағдарламаларын (даму жоспарын) әзірлеуде, бұл ретте Қоғам авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтер залалды болып табылатынына байланысты реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтердің ықтимал өзгеруін жоспарлайды.

Қоғам авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету сапасын бақылау бойынша ішкі шараларды жүзеге асырады, олар ішкі аудиттерді, тексеруді, зерттеп-тексеруді, сенімділікті тексеруді қамтиды. Шараларды іске асыруды авиациялық қауіпсіздіктің сақталуына сапаны бақылауды жүргізу қағидаларына сәйкес әзірленген авиациялық қауіпсіздік бойынша сапаны ішкі бақылау бағдарламасы негізінде сапаны бақылаудың ішкі аудиторы (маманы) жүзеге асырады. Есептік кезеңде әуежайдың кінәсінен авиациялық оқиғалар болмағанын атап өткен жөн.



**2023 жылдың 1 жартысы қорытындылары бойынша коммерциялық емес мақсаттарда және халықаралық бағыттар бойынша Қазақстан Республикасының әуежайларында техникалық қонуларды жүзеге асыра отырып, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі арқылы транзиттік ұшуларды жүзеге асыратын авиатасымалдарға қызмет кәрсетуді қоспағанда, ӘК ұшуы мен қонуын қамтамасыз ету бойынша реттелетін қызмет бойынша бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы ақпарат**

№ р/р	Тарифтік смета көрсеткіштерінің атауы	Өлшем бірлігі	Бекітілген тарифтік сметада көзделген	Тарифтік сметаның нақты қалыптасқан көрсеткіштері	Ауытқу, % -ға
1	2	3	4	5	6
<b>I</b>	<b>Тауарларды өндіруге және қызметтер көрсетуге арналған шығындар, жиыны</b>	<b>мың теңге</b>	<b>1 390 084,00</b>	<b>897 865,37</b>	<b>-35%</b>
	Соның ішінде:	мың теңге			
1.	Материалдық шығындар, жиыны	мың теңге	<b>317 760,30</b>	<b>142 246,09</b>	<b>-55%</b>
	Соның ішінде:	мың теңге			
1.1.	материалдар	мың теңге	191 182,60	96 640,38	-49%
1.2.	Отын (ЖЖМ)	мың теңге	100 800,70	34 035,07	-66%
1.3.	Электр энергиясы	мың теңге	25 776,90	11 570,64	-55%
<b>2.</b>	<b>Еңбекақы төлеу шығындары, барлығы</b>	<b>мың теңге</b>	<b>221 790,60</b>	<b>434 517,12</b>	<b>96%</b>
	Соның ішінде	мың теңге			
2.1.	жалақы	мың теңге	198 826,20	391 456,86	97%
2.2.	Әлеуметтік салық	мың теңге	22 964,40	43 060,25	88%
<b>3.</b>	<b>Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациясы</b>	<b>мың теңге</b>	<b>342 406,70</b>	<b>-</b>	<b>-100%</b>
<b>4.</b>	<b>Жөндеу</b>	<b>мың теңге</b>	<b>253 404,60</b>	<b>19 095,40</b>	<b>-92%</b>
<b>5.</b>	<b>Басқа да шығындар, жиыны</b>	<b>мың теңге</b>	<b>254 721,70</b>	<b>302 006,77</b>	<b>19%</b>
	соның ішінде	мың теңге			
5.1.	Байланыс қызметі	мың теңге	355,60	55,06	-85%
5.2.	Іссапар шығындары	мың теңге	124,90	-	-100%
5.3.	Кадрларды дайындау	мың теңге	3 805,00	-	-100%
5.4.	Басқа да шығындар, жиыны	мың теңге	250 436,20	301 951,71	21%
<b>II</b>	<b>Кезең шығындары,</b>	<b>мың теңге</b>	<b>371 355,10</b>	<b>193 679,23</b>	<b>-48%</b>

	<b>барлығы</b>				
<b>6.</b>	<b>Жалпы әкімшілік шығындар, барлығы</b>	<b>мың теңге</b>	<b>176 266,40</b>	<b>102 233,31</b>	<b>-42%</b>
	соның ішінде:	мың теңге			
6.1.	Әкімшілік қызметкерлердің жалақысы, соның ішінде	мың теңге	43 717,70	43 946,81	1%
6.2.	Әлеуметтік салық	мың теңге	5 049,40	4 834,15	-4%
6.3.	Негізгі құралдың және материалдық емес активтер амортизациясы	мың теңге	-	-	0%
6.4.	Сыртқы ұйымдардың қызметтері, жиыны:	мың теңге	4 445,20	2 927,89	-34%
	Соның ішінде:	мың теңге			
6.4.1.	аудиторлық қызметтер	мың теңге	341,90	-	-100%
6.4.2.	банк қызметтері	мың теңге	606,20	545,40	-10%
6.4.3.	Коммуналдық қызметтер	мың теңге	2 744,60	1 609,80	-41%
6.4.4.	Байланыс қызметтері	мың теңге	752,50	772,69	3%
6.5.	Іссапар шығындары	мың теңге	334,10	658,76	97%
6.7.	Салықтар	мың теңге	119 708,90	44 615,86	-63%
6.8.	Басқа да шығындар	мың теңге	3 011,20	5 249,85	74%
<b>7.</b>	<b>Сыйақыларды төлеуге арналған шығындар</b>	<b>мың теңге</b>	<b>195 088,70</b>	<b>91 445,92</b>	<b>-53%</b>
<b>III</b>	<b>Барлық шығындар</b>	<b>мың теңге</b>	<b>1 761 439,10</b>	<b>1 091 544,60</b>	<b>-38%</b>
<b>IV</b>	<b>Пайда</b>	<b>мың теңге</b>	<b>-</b>	<b>- 118 498,95</b>	
<b>VI</b>	<b>Барлық кіріс</b>	<b>мың теңге</b>	<b>1 761 439,10</b>	<b>973 045,65</b>	<b>-45%</b>
<b>VII</b>	<b>Көрсетілген қызмет көлемі, соның ішінде</b>	<b>тонна</b>	<b>1 251 425,00</b>	<b>675 023,00</b>	<b>-46%</b>
<b>IX</b>	<b>Тариф</b>	<b>теңге</b>	<b>1 407,5</b>	<b>1 441,5</b>	

**2023 жылдың 1 жартысы қорытындылары бойынша коммерциялық емес мақсаттарда және халықаралық бағыттар бойынша Қазақстан Республикасының әуежайларында техникалық қонуларды жүзеге асыра отырып, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі арқылы транзиттік ұшуларды жүзеге асыратын авиатасымалдарға қызмет көрсетуді қоспағанда, авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша реттелетін қызмет бойынша бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы ақпарат**

№ р/р	Тарифтік смета көрсеткіштерінің атауы	Өлшем бірлігі	Бекітілген тарифтік сметада көзделген	Тарифтік сметаның нақты қалыптасқан көрсеткіштері	Ауытқу, % -ға
1	2	3	4	5	6
<b>I</b>	<b>Тауарларды өндіруге және қызметтер көрсетуге арналған шығындар, жиыны</b>	<b>мың теңге</b>	<b>226 042,6</b>	<b>1 108 838,40</b>	<b>391%</b>
	Соның ішінде:	мың теңге			
<b>1.</b>	<b>Материалдық шығындар, жиыны</b>	<b>мың теңге</b>	<b>5 766,3</b>	<b>10 890,26</b>	<b>89%</b>
	Соның ішінде:	мың теңге			
1.1.	материалдар	мың теңге	2 280,9	5 769,08	153%
1.2.	Отын (ЖЖМ)	мың теңге	2 366,5	2 679,41	13%
1.3.	Электр энергиясы	мың теңге	1 118,9	2 441,77	118%
<b>2.</b>	<b>Еңбекақы төлеу шығындары, барлығы</b>	<b>мың теңге</b>	<b>155 596,2</b>	<b>1 014 910,92</b>	<b>552%</b>
	Соның ішінде	мың теңге			
2.1.	жалақы	мың теңге	140 176,8	914 334,16	552%
2.2.	Әлеуметтік салық	мың теңге	15 419,4	100 576,76	552%
<b>3.</b>	<b>Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациясы</b>	<b>мың теңге</b>	<b>36 024,0</b>	<b>18 012,0</b>	<b>-50%</b>
<b>4.</b>	<b>Жөндеу</b>	<b>мың теңге</b>	<b>28,2</b>	<b>7 594,4</b>	<b>26830%</b>
<b>5.</b>	<b>Басқа да шығындар, жиыны</b>	<b>мың теңге</b>	<b>28 627,9</b>	<b>57 430,84</b>	<b>101%</b>
	соның ішінде	мың теңге			
5.1.	Байланыс қызметі	мың теңге	21,0	5,40	-74%

5.2.	Иссапар шығындары	мың теңге	376,0	7 439,10	1878%
5.3.	Кадрларды дайындау	мың теңге	265,0	-	-100%
5.4.	Басқа да шығындар, жиыны	мың теңге	<b>27 965,9</b>	<b>49 986,34</b>	79%
<b>II</b>	<b>Кезең шығындары, барлығы</b>	<b>мың теңге</b>	<b>14 665,2</b>	<b>72 267,03</b>	393%
<b>6.</b>	<b>Жалпы әкімшілік шығындар, барлығы</b>	<b>мың теңге</b>	<b>13 269,5</b>	<b>71 563,37</b>	439%
	соның ішінде:	мың теңге			
6.1.	Әкімшілік қызметкерлердің жалақысы, соның ішінде	мың теңге	1 966,5	30 745,12	1463%
6.2.	Әлеуметтік салық	мың теңге	138,0	3 381,96	2351%
6.3.	Негізгі құралдың және материалдық емес активтер амортизациясы	мың теңге	<b>82,2</b>	<b>41,1</b>	-50%
6.4.	Сыртқы ұйымдардың қызметтері, жиыны:	мың теңге	<b>645,2</b>	<b>2 048,34</b>	217%
	Соның ішінде:	мың теңге			
6.4.1.	аудиторлық қызметтер	мың теңге	121,6	-	-100%
6.4.2.	банк қызметтері	мың теңге	328,2	381,56	16%
6.4.3.	Коммуналдық қызметтер	мың теңге	185,7	1 126,21	506%
6.4.4.	Байланыс қызметтері	мың теңге	9,7	540,57	5473%
6.5.	Иссапар шығындары	мың теңге	22,7	460,87	1930%
6.7.	Салықтар	мың теңге	10 162,9	31 213,19	207%
6.8.	Басқа да шығындар	мың теңге	252,0	3 672,79	1357%
<b>7.</b>	<b>Сыйақыларды төлеуге арналған шығындар</b>	<b>мың теңге</b>	<b>1 395,7</b>	<b>703,66</b>	-50%
<b>III</b>	<b>Барлық шығындар</b>	<b>мың теңге</b>	<b>240 707,8</b>	<b>1 181 105,4</b>	391%
<b>IV</b>	<b>Пайда</b>	<b>мың теңге</b>	<b>17 429,0</b>	<b>- 937 928,40</b>	-5481%
<b>VI</b>	<b>Барлық кіріс</b>	<b>мың теңге</b>	<b>258 136,8</b>	<b>243 177,04</b>	-6%
<b>VII</b>	<b>Көрсетілген қызмет көлемі, соның ішінде</b>	<b>тонна</b>	<b>716 550,0</b>	<b>675 023,00</b>	-6%
<b>IX</b>	<b>Тариф</b>	<b>теңге</b>	<b>360,25</b>	<b>360,25</b>	

Орынд. А. Арапова  
Тел. 777-342